

М.Т.Бөдеев, М.С.Жанғабыл, У.А.Ахметжанова, Е.М.Алимжанов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: marat\_sport@mail.ru)

## **Жоғары сынып оқушыларын әскери-патриоттық тәрбиелеудегі спорт үйірмелерінің маңызы**

Мақалада оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудегі дене тәрбиесі және спорт құралдарының маңызы қарастырылған. Қазіргі уақытта оқушыларды әскери патриотизмге тәрбиелеуде бірқатар қиындықтар бар. Авторлар аталған проблеманы зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасады, жоғары сынып оқушыларын әскери патриотизмге тәрбиелеудегі спорт үйірмелерінің маңызын қарастырды. Алынған мәлімет негізінде жоғары сынып оқушыларын әскери патриотизмге тәрбиелеудің жоба үлгісі құрылды. Білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын спорт үйірмелері жоғары сынып оқушыларының дене бітімдерін қалыптастырады, жұмыс істеу қабілеттерін арттырады, сонымен қатар олардың «патриотизм», «Отан алдындағы борыш», «әскери қызмет» секілді ұғымдарға деген көзқарастарын өзгертеді. Спорт түрлері бойынша жарыстар, денсаулық фестивальдары және әскери-спорттық ойындар оқушылардың патриоттық сезімдерін жоғарылатады.

*Кілт сөздер:* патриоттық сезім, спорт үйірмелерінің маңызы, әскери-патриоттық тәрбие, Отан алдындағы борыш, спорт мерекелері, денені шынықтыру.

Елімізде боп жатқан өзгерістер мен экономикалық жаңғырулар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуларына әсер етеді. Ол уақытта қоғамдық институттардың ықпал ету тиімділігі төмендеп, әлеуметтік ортаның теріс ықпалы арта түсетіні белгілі. Соның салдарынан жастардың арасында патриоттық рухтың, ұлттық сана-сезімнің төмендеуі, өз бойындағы рухани құндылықтарды дамытуға деген салғырттық белең алуға. Әрине, қазіргідей өтпелі кезеңде жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар орасан зор. Алайда өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарының рухани-адамгершілік негізі дұрыс құрылмаған болса, жүргізіліп жатқан реформалық өзгерістер өз жемісін бермейді.

Әлемде болып жатқан экономикалық дағдарыс және адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеп кетуі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу процесіне теріс әсерін тигізеді және сондай қысылтаяң уақытта патриотизмнің рөлі арта түспек. Себебі өз елінің, ұлтының тарихын, мәдениетін және саяси ұстанымын білмеген ұрпақ мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге атсалысуы неғайбыл. Тағы айта кететін бір жайт, оған тек экономикалық және экологиялық ахуал, өмір сүру деңгейінің төмен болуы ғана емес, сонымен қатар аурудың алдын алуға, денсаулықты нығайтуға бағытталған емдік-профилактикалық, спорттық-сауықтыру жұмыстарының нашар ұйымдастырылуы да әсер етеді [1].

Сондықтан білім беру мекемелері мен спорттық бірлестіктер өз қызметтерін мақсатты әрі мазмұнды құрып, жастардың өмірге деген көзқарастарын, наным-сенімдерін қалыптастыруға ықпал етуі керек. Ол мекемелер өз қызметтерін дұрыс ұйымдастырса, бір жүйеге келтірсе, жастар қоғам өміріне белсене араласар еді, өз Отанының қорғаушы бола алар еді.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негіздерін зерттеген еңбектер көптеп табылады. Олар өз еңбектерінде пән арқылы отансүйгіштікті дамыту, оны қалыптастыратын құндылықтарды анықтау және ұлы тұлғалардың жасаған ерлік пен қажырлы қайраты арқылы оқушылардың бойында патриотизмді тәрбиелеу жолдарын қарастырды [2–4].

Аталған еңбектерде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің түрлі формалары, жолдары жан-жақты зерттелген, дегенмен сол еңбектердің ішінде жоғары сынып оқушыларын әскери патриотизмге тәрбиелеуде спорт үйірмелерін қолданудың педагогикалық шарттарын қарастырған, оның үлгісін құрған еңбектерді кездестірмедік. Сондықтан мақаламызда спорт үйірмелері арқылы оқушы жастардың әскери патриоттық тәрбиелерінің деңгейін жоғарылатудың жолдарын іздестіру мәселелерін қарастырамыз. Аталған проблеманы шешу арқылы патриоттық тәрбиенің теориясы мен практикасын ғылыми тұрғыдан саралап, олардың өзара тиімді қызмет етуін қалыптастыруға болады деген пікірдеміз.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесіне қол жеткізу үшін, алдымызға мынадай мақсат қойдық — жоғары сынып оқушыларын спорт үйірмелері арқылы әскери-патриоттық тәрбиелеудің тиімді педагогикалық шарттарын анықтау.

Алға қойылған мақсатқа сәйкес, келесі міндеттер құрылды:

1. Жоғары сынып оқушыларының патриоттық деңгейлерін анықтау және спорт үйірмелері арқылы әскери патриотизмге тәрбиелеудің үлгісін құру.

3. Жоғары сынып оқушыларын спорт үйірмелері арқылы әскери патриотизмге тәрбиелеудің тиімділігін анықтау және оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Аталған мақсат-міндеттерді шешу үшін Қарағанды қаласындағы № 54 және 76 орта мектептерінде 2014–2015 оқу жылы педагогикалық эксперимент жүргізілді. Педагогикалық эксперимент кезінде № 54 және 76 орта мектептерінде ұйымдастырылған спорт үйірмелеріне қатысатын оқушылар президенттік сынақ бойынша қорытынды нормативтер тапсырды, сонымен қатар олармен тәрбиелік мәні бар, патриоттық тәрбие беретін мазмұндағы кештер, түрлі кездесулер ұйымдастырылды, сауалнамалар жүргізілді. Сынақ тапсырған оқушылар саны 44. Оның 21 эксперимент тобына, 23 бақылау тобына жатқызылды.

Жастармен әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізу әлеуметтік тұрғыдан алғанда маңызды да, өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Қазіргі уақытта жастардың арасында өз әскери борышын өтеуге деген жауапкершілік және әскери өмірде кезігетін қиындықтарды жеңу қабілеттерін қалыптастыруға қажет әскери патриотизмнің өзектілігі арта түсуде. Әрине, баспасөз құралдары, теледидар мен радиодан түрлі бағдарламалар арқылы әскери қызметтің тиімділігі, сарбаздың өз Отаны алдындағы борышын насихаттайтын бағдарламалар баршылық.

Дене тәрбиесі және спорт денсаулық сақтаудың кепілі, бос уақытты өткізудің тиімді жолы, салауатты өмір салтын насихаттаудың құралы, адамның физиологиялық жетілуінің басты шарты болумен қатар, Қазақстан Республикасының болашақ қорғаушысын қалыптастыру секілді міндеттерді де шешеді. Сол арқылы болашақ Отан қорғаушысының тұлғасы қалыптасады, спорттық жетістіктерге жетеді, жігері шыңдалады, өз елінің туын биікке көтереді.

Үйретудің факультативтік түрі (спорт үйірмелері) міндетті болып табылмайды. Алайда оқушылар үшін білім беру мекемелерінде спортпен шұғылдандудың маңызды екендігі белгілі. Бұл салаға балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері (БЖСМ), спорттық бағытта білім беретін мектеп-интернаттардың бағдарламалары бойынша жаттығу, сондай-ақ түрлі спорт үйірмелері және емдік дене шынықтыру топтарындағы шұғылданду үдерістері жатады.

Жоғарыда айтылған пікірді ескере отырып, спорт үйірмелері арқылы жоғары сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу үдерісін оңтайландыру мақсатында оны қалыптастыруға ықпал ететін жолдардың үлгісін құрдық. Спорт үйірмелерін осындай үлгімен құру арқылы оқушылардың патриоттық сезімдерін жоғарылатуға, жалпы әскери қызметке деген қызығушылығы арттыруға болады деп болжаймыз (сур. кара).



Сурет. Спорт үйірмелері арқылы жоғары сынып оқушыларының әскери-патриоттық сезімдерін қалыптастыру жолдары

Біздің көзқарасымыз бойынша, жалпы білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын спорт үйірмелерін тиімділеу арқылы дені мен жаны сау, жан-жақты дамыған болашақ Отан қорғаушының негізін қалыптастыруға болады.

Спорт үйірмелері арқылы оқушыларды әскери патриотизмге тәрбиелеу үшін оқу-тәрбие үдерісін дұрыс жоспарлап және ұйымдастыру мақсатында Қарағанды қаласының № 54 және 76 орта мектептерінде жоғары сынып оқушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама олардың отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары мен әдістеріне деген көзқарастарын айқындау үшін, сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдардың мазмұны, тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде туындайтын қиындықтарды анықтау үшін жүргізілді.

Сұхбат түріндегі сұраққа оқушылар еркін түрде жауап қайтарды және сұрақ мәтіні мынадай: отансүйгіштікке тәрбиелеу дегеніміз не және ол ұғымды қалай түсінесіз? Оқушылардың 17 %-ы патриоттық тәрбие арқылы оқушыларды тәрбиелеу деп есептейді. Олардың ондай ұстаным-пікірлері оқу-тәрбие процесі барлық уақытта отансүйгіштікті тәрбиелеуді, яғни адамның өзі өмір сүріп жатқан еліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуді, қарастыру керек деген пікірлерінен туындауы мүмкін. Оқушылардың 16%-ы отансүйгіштікті әскерде қызмет етумен және Отанды қорғаумен байланыстырады. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 7%-ы отансүйгіштік еңбек ету мен Отанның игілігіне қызмет етуін, өз елінің адамдарына қамқорлық жасаудан тұрады деген пікірді ұстанады. Оқушылардың 14%-ы берілген ашық сұраққа жауап бере алмады. Бұл жағдай ол оқушылардың отансүйгіштік ұғымының мәнін жете түсінбегендігін дәлелдейді, сонымен қатар әскери-патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарын жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие процесінде дұрыстап қолға алу керек деген көзқарастың дәлелі бола алады.

Жоғарыда аталған сауалнама нәтижелері сарапталған соң, эксперимент тобының оқушыларымен өзіміздің құрған жоспарымыз бойынша әскери патриотизмге тәрбиелеу іс-шараларын жүргіздік. Осы мақсатта № 54 орта мектебінің 10 және 11 сынып оқушылары арасында түрлі спорттық іс-шаралар өткізілді, Ұлы Отан және Ауған соғысының ардагерлерімен және тылда еңбек еткен жұмыскерлермен, әскери комиссариат өкілдерімен, атақты спортшылармен кездесулер, семинарлар ұйымдастырылды. Нәтижесінде патриоттық тәрбие бойынша іс-шаралар ұйымдастыратын мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатылды. Аталған іс-шараларға өнер мектебі, балалар шығармашылығының орталығы және спорт мектептері қатыстырылды. Аталған мекемелер жастардың әскери-патриоттық сезімдерін тәрбиелеуге және патриоттық сана-сезімдерін қалыптастыруға қажет барлық жағдайды жасады және олардың әскери патриотизмді қалыптастыруда атқаратын рөлі ерекше.

Сабақтан тыс уақытта өткізілген экскурсия-жорықтар балалардың іздемпаздығын дамытып, туған жерінің сұлулығымен және байлығымен танысуға мүмкіндік берді [5].

Жастарды спорт арқылы әскери патриотизмге тәрбиелеудің барлық мүмкіндіктері бар. Дұрыс және ұтымды ұйымдастырылған дене дайындығы арқылы жастарды болашақта таңдайтын мамандығына және әскери қызметке жылдам бейімдеуге болады. Қазіргі таңда қандай мамандық болмасын, дене тәрбиесі және спортпен тығыз байланысқан. Жүру, жүгіру, шаңғы тебу, граната лақтыру, жүзу, ату және өрмелеу, көлік жүргізе білу мен атқа міне білудің қолданбалы маңызы бар екені сөзсіз. Алайда мектеп бағдарламасында аталған спорт түрлеріне аз көңіл бөлінген.

Зерттеу жұмысымыз әскери-қолданбалы бағыттағы дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылдану жоғары сынып оқушыларының дене дайындығын жоғарылатуға, дене қасиеттерін дамытуға, әскер қатарында қызмет етуге ықпал ететіндігін көрсетті. Жүргізген кешенді жұмысымыздың нәтижелерін математикалық өңдеу барысында эксперимент және бақылау топтарының оқушыларының дене дайындық көрсеткіштерінде біршама айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Оқу жылының басында және оқу жылының соңына қарай алынған қорытынды нормативтер екі топта түрлі болып шықты.

Эксперимент тобында дене дайындығын анықтау бойынша жүргізілген қорытынды сынақ нәтижелері мынадай: 100 м жүгіруде 0,7 с, бір орыннан ұзындыққа секіруде 22,4 см, жүгіріп келіп ұзындыққа секіруде 43,1 см, кермеде тартылу 2,1 есеге, граната лақтыруда 5,2 м, 3000 м жүгіруде 1 мин 20 с, 3×10 м алға-артқа жүгіруде 0,8 с жақсарды (1-кесте).

Ал бақылау тобында аталған көрсеткіштер көп өзгере қойған жоқ. Мысалы, 100 м жүгіру 0,3 с, бір орыннан ұзындыққа секіру 8,2 см, жүгіріп келіп ұзындыққа секіру 26 см, белтемірде тартылу 1,1 ретке, граната лақтыру 5,2 м, 3000 м қашықтыққа жүгіру 1 мин 36 с және 30×10 алға-артқа жүгіру 0,3 с ғана өзгерді. Аталған өзгерістерді оқушылардың ағзаларында болатын физиологиялық даму ерекшеліктерімен де байланыстыруға болады. Әрине, оған дәстүрлі дене шынықтыру сабағының көлемі де ықпал еткендігін теріске шығара алмаймыз, дегенмен қорытынды нормативтер тапсыру арқылы алған көрсеткіштер эксперимент тобымен салыстырғанда біршама төмен болып шықты. Эксперимент және бақылау топтарындағы оқушыларының дене дайындықтарының барлық көрсеткіштері статистикалық тұрғыдан ( $P < 0,05$ -тен  $0,001$ -ге дейін) дәлелді болып шықты.

**Педагогикалық эксперимент кезінде эксперимент тобындағы 10-11 сынып оқушыларының дене дайындықтары көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы**

Дене дайындығы бойынша қорытынды сынақ түрлері	Дене дайындығының көрсеткіштері			
	Эксперимент басталғанда	Эксперимент соңына қарай	Өсім	P
	M ±m	M ±m		
100 м жүгіру	15,1 ± 0,24	14,4 ± 0,20	0,7	0,01
Бір орыннан ұзындыққа секіру	188,4 ± 0,86	210,8 ± 0,76	22,4	0,01
Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру	387,2 ± 0,98	430,4 ± 0,93	43,1	0,01
Белтемірде тартылу	5,3 ± 0,30	7,4 ± 0,23	2,1	0,01
Граната лақтыру	25,6 ± 0,96	30,8 ± 1,10	5,2	0,05
3000 м жүгіру	18,30 ± 0,60	15,10 ± 0,58	3,20	0,05
30×10 м алға-артқа жүгіру	8,3 ± 0,16	7,5 ± 0,14	0,8	0,05

Эксперимент кезінде дене дайындықтары орташа, орташадан жоғары және жоғары деңгейлі оқушылар саны әлдеқайда артты. Эксперимент басталған кезде 16 оқушының дайындық деңгейлері орташадан төмен деңгейде болса, эксперимент соңына қарай ондай оқушылар мүлдем болған жоқ. Эксперимент соңына қарай 9 сынып оқушылары арасында дайындық деңгейі жоғары және орташадан жоғары деңгей 16 оқушыда, орташа деңгей 24 оқушыда анықталды (2-кесте).

2-кесте

**Эксперимент тобы оқушыларың педагогикалық эксперимент басталғанға дейінгі және аяқталған кездегі дене дайындық деңгейлерінің көрсеткіштері**

Дене дайындықтарының деңгейі	Эксперимент тобы (21 оқушы)			
	Эксперимент басталғанға дейін		Эксперимент аяқталған соң	
	Балалар саны, адам	%	Балалар саны, адам	%
Төмен деңгей	5	20	-	-
Орташадан төмен	8	40	-	-
Орташа	6	30	8	38
Орташадан жоғары	2	10	10	47
Жоғары деңгей	-	-	3	10
<b>Барлығы</b>	<b>21</b>	<b>100</b>	<b>21</b>	<b>100</b>

Әскерде қызмет етуге қажет дене қасиеттері мен адамгершілік-жігер сапаларын қалыптастыру мен жоғарылатуға сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған спорт үйірмелері ықпал етті. Спорт үйірмелері әскерге шақыруға дейінгі жас аралығындағы оқушылардың әскери-қолданбалы дене дайындықтары мен денелік, адамгершілік-жігер сапаларын жоғарылату мақсатында мынадай қимыл-қозғалыс түрлері қолданылды: өрмелеу, асып түсу түрлері; түрлі кедергілерден жүріп және жүгіріп өту; асылу, таяну, көтерілу, айналу, түрлі эстафеталар, әскери-патриоттық ойын түрлері және өзге де бұқара спорттық іс-шаралар.

Жоғарыда аталып өткен дене шынықтыру сабақтары мен сабақтан тыс уақытта қолданылатын дене тәрбиесінің әдіс-құралдары денелік, адамгершілік-жігер сапаларын тәрбиелеуге және жылдам жүгіру, секіру, жүзу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Аталған әскери-қолданбалы дағдылардың оқушыларды әскер қатарында қызмет етуге даярлайтындығы сөзсіз.

Дене тәрбиесі және спорт құралдарын белсенді түрде қолдана отырып, орта сынып жасындағы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің нәтижесінде әскерге шақыруға дейінгі жас аралығындағы оқушыларда әскерде қызмет етуге деген оң көзқарас қалыптасты. Эксперимент басталған кезде жалпы білім беретін мектептің оқушыларының 80 % әскер қатарында қызмет еткілері келмесе, 70 % әскерде қызмет етудің керегі жоқтығы туралы пікір білдірген болса, эксперимент соңына қарай олардың әскер қатарында қызмет етуге деген көзқарастары оң бағытта өзгерді.

Сонымен, жалпы білім беру мекемелері түлектерінің ішінде жоғары оқу орындарына түсіп, дене тәрбиесі және спортпен белсенді шұғылданатындар көптеп табылады. Ол мектеп түлектерінің

бойында патриоттық тәрбие негіздерін қалыптастыруға спорт үйірмелерінің тек оң бағытта әсер ететіндігін дәлелдейді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Саламатты Қазақстан 2011–2015: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. —[ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113)
- 2 Утегенов Е. Педагогические условия воспитания будущего защитника Отечества в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. — Туркестан: МКТУ, 2006. — 130 с.
- 3 Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. ... автореф. — Атырау, 2006. — 25 б.
- 4 Нурмукашева С. Развитие военно-патриотической воспитания старшеклассников в школах Казахстана (1960–1985): дис. ... канд. пед. наук. — Алматы, 1992. — 144 с.
- 5 Байманов К.Г. Музейно-следопытская работа как средство военно-патриотического воспитания учащихся и подростков (на материале общеобразовательных школ Таджикской ССР): автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. — Душанбе: ДПИ, 1985. — 21 с.

М.Т.Бөдеев, М.С.Жанғабыл, У.А.Ахметжанова, Е.М.Алимжанов

#### **Значение спортивных секций в военно-патриотическом воспитании старшеклассников**

В статье рассмотрено значение физической культуры и спорта в патриотическом воспитании учащихся. Авторами был проведен анализ научных трудов ученых, изучивших данную проблему, рассмотрены значения спортивных секций в военно-патриотическом воспитании старшеклассников. На основе полученных данных была разработана модель патриотического воспитания. Спортивные секции, организованные в образовательных учреждениях, формируют физическую основу, повышают работоспособность у учащихся, меняют взгляд на такие понятия, как «патриотизм», «долг перед Родиной», «военная служба». Доказано, что спортивные соревнования по видам спорта, фестивали здоровья и военно-спортивные игры повышают патриотические чувства учащихся.

M.T.Bodeyev, M.S.Zhangabyly, U.A.Ahmetzhanova, E.M.Alimzhanov

#### **The value of sports sections in the military-patriotic educating high school students**

The article describes the importance of physical culture and sports in the patriotic education of students. Currently, there are some difficulties in the military-patriotic education of students. The authors analyzed the scientific work of scientists who studied this problem, consider the value of sports sections in the military-patriotic education of high school students. Based on these results, a model of patriotic education was launched. Sports section, organized in educational institutions, forms the physical basis for performance-enhancing students' changing perspective on concepts such as «patriotism», «duty to the Motherland», «military service». Sports competitions such as, festivals, health, military and sports raise the patriotic feelings of students.

#### References

- 1 State program of development of health care of the Republic of Kazakhstan of «Salamatta Kazakhstan», [ER]. Access mode: [adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113)
- 2 Utegenov E. *Pedagogical conditions of education of future defender Otechestva in teaching and educational process of comprehensive school*: yew.... cand. of ped. sciences: 13.00.01, Turkestan: MKTU, 2006, 130 p.
- 3 Duysenbayev A.K. *Pedagogical conditions of patriotic education of the Kazakh batyrs studying through the image of heroism*. synopsis. ... edging. of ped. sciences, Atyrau, 2006, 25 p.
- 4 Nurmukasheva S. *Development military patriotic education of seniors at schools of Kazakhstan (1960-1985)*: yew. ... edging. of ped. sciences, Almaty, 1992, 144 p.
- 5 Baymanov K.G. *Museum-Pathfinder's work as means of military patriotic education of pupils and teenagers (on material of comprehensive schools Tajik the Soviet Socialist Republic)*: synopsis. ... edging. of ped. sciences: 13.00.01, Dushanbe: DPI, 1985, 21 p.